

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Академиясын бітіргені туралы белгілерінің және ішкі ведомстволық айырым реквизиттерінің сипаттамалары мен нысандарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2014 жылғы 26 тамыздағы № 271 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылды 30 қыркүйекте № 9769 тіркелді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 1 сәуірдегі № 2922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ереженің 15-тармағының (124) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 29 тамыздағы № 627 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары қызметкерлерінің арнаулы киім нысандарының түрлері мен сипаттамаларын бекіту туралы ереженің 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 17.11.2022 № 81/ке (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Академиясын бітіргені туралы белгілерінің және ішкі ведомстволық айырым реквизиттерінің сипаттамасы мен нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Академиясы заңнамамен белгіленген тәртіпте осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми түрде жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Комитет Төрағасы

Н.Әбікаев

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік
комитеті Төрағасының
2014 жылғы 26 тамыздағы
№ 271 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Академиясын бітіргені туралы белгілерінің және ішкі ведомстволық айырым реквизиттерінің сипаттамасы мен нысаны

Ескерту. Сипаттамасы мен нысаны жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 17.11.2022 № 81/ке (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тaraу. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Академиясының айырым реквизиттері – шевронның және эмблемалардың сипаттамасы мен нысаны

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Академиясының (бұдан әрі – ҰҚҚ Академиясы) шевроны (жең белгісі) қызметкерлердің, курсанттар мен тындаушылардың ҰҚҚ Академиясына тиесілі екендігін білдіретін айырым реквизиті болып табылады. Шевронның негізгі нысаны ҰҚҚ Академиясының эмблемасы болып табылады.

2. Салтанатты киім-кешектерге арналған шеврон – ҰҚҚ Академиясы эмблемасының түрлі-түсті кескінімен (1-сурет) және күнделікті-далалық киімдерге арналған шеврон – ҰҚҚ Академиясы эмблемасының бүркеніш түсті қарапайым кескінімен (2-сурет) дайындалады.

3. Айрықша салтанатты киім-кешектерге арналған жең белгісіндегі жиек алтын түстес жіппен тігіледі (1-сурет).

Ескертпе. Шеврон киімнің оң жақ жеңіндегі иық тігісінен төмен қарай 12 см қашықтықта орналастырылады.



4. ҰҚҚ Академиясының эмблемасы үш түспен жиектелген, білімнің үш деңгейін білдіретін ашылған кітаптың (білім мен даналық рухы) ішінде орналасқан негізгі шеңберлі қалқаннан (сыртқы дүшпаннан қорғау), қосарлы жеті қырлы жұлдыз (сенім мен үміт) және кіші қалқанның ішіндегі шаңырақтан (халықпен бірге болу) құралған элементтерден тұратын, мән-мағыналы кескін үлгісін бейнелейтін ұлттық қауіпсіздік органдары арнайы оқу орнының айырым реквизиті болып табылады.

5. ҰҚҚ Академиясы эмблемасының нысаны алтын (сары) түсті жиекпен көмкөрілген, көгілдір (көк) түсті орталық алаңы және көктікен (көк) түсті сыртқы шеңбері бар дөңгелек қалқан бейнесінен тұрады. Көктікен (көк) түсті қалқанның сыртқы шеңберін бойлай мемлекеттік тілде: үстіңгі жағында "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ", төменгі жағында "ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТИНІҢ АКАДЕМИЯСЫ" деген жазу жазылған. Жазулар күміс (ак) түсте орындалған.

Қалқанның ортасында көгілдір (көк) түсті алаңның үстінде жеті дөғал шұғыласы бар, алтын (сары) негізіне қүрең қызыл (қою қызыл) түсті айшықты жеті ұшты жүлдyz орналасқан.

Жақұтты жүлдyzдың ортасында кіші қалқан орналасқан.

Алтын (сары) жиекпен көмкерілген көктікен (көк) түсті қалқаның шеңберін бойлай "НАМЫС. АЙЫН. ОТАН" деген мемлекеттік тілдегі ұран жазылған. Жазулар күміс (ақ) түсте орындалған.

Қалқаның ортасында көгілдір (көк) түстің үстіне алтын (сары) түсті киіз үй күмбезінің айшықты бейнесі – "шаңырақ" орналасқан.

Шеңберлі қалқан көгілдір, ақ және көк түстермен жиектелген ашылған кітаптың ішінде орналасқан.

6. Эмблема түрлі-түсті бөлшекті конструкция (5-сурет) немесе алтын барельеф түрінде (4-сурет) дайындалады.

7. Эмблеманың кескіні түрлі-түсті (5-сурет) және ақ-қара (қарапайым) сурет түрінде (6-сурет) немесе көлемді конструкция (3-сурет) және алтын барельеф түрінде (4-сурет) бейнеленеді.



3-сурет. Көлемді конструкция



4-сурет. Алтын барельеф



5-сурет. Түрлі-түсті сурет



6-сурет. Ақ-қара сурет

2-тарау. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Академиясын бітіргені туралы белгілердің сипаттамасы мен нысаны

8. ҰҚҚ Академиясын бітіргені туралы белгі периметрі бойынша көктікен (көк) түсті жиекпен шектелген көгілдір (көк) түсті өрісі бар эмблема түріндегі жапсырмадан түрады (7-сурет).

9. ҰҚҚ Академиясының магистратурасын бітіргені туралы белгі периметрі бойынша күміс түсті жиекпен шектелген көктікен (көк) түсті өрісі бар эмблема түріндегі жапсырмадан тұрады (8-сурет).

10. ҰҚҚ Академиясының докторантурасын бітіргені туралы белгі периметрі бойынша алтын түсті жиекпен шектелген көктікен (көк) түсті өрісі бар эмблема түріндегі жапсырмадан тұрады (9-сурет).

11. Белгілердің өлшемі: биіктігі 23 мм, ені 47 мм, ернеудің ені 2 мм, жиектің қалыңдығы 0,5 мм. Белгілердің артқы жағында бекітуге арналған бұранда болады.



7-сурет. ҰҚҚ Академиясын
бітіргені туралы белгі



8-сурет. ҰҚҚ Академиясының
магистратурасын бітіргені туралы белгі



9-сурет. ҰҚҚ Академиясының
докторантурасын бітіргені туралы белгі